



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

это стало ярким примером применения таких колоссальных людских резервов, а также применение тактик и стратегий сражения. Бородино предопределило судьбу всей Наполеоновской империи, которая лишившись такого боевого потенциала, была обречена. Для России Бородино явилось тем сражением, которое сплотило весь народ, независимо от положения и званий. Кроме того Бородино озаменовало символ мужества и стойкости наших солдат.

Таким образом, Бородинское сражение в Отечественной войне 1812 года стало настоящим примером мужества и стойкости русских солдат всей России. Значение всей войны, как и генерального Бородинского сражения, было колоссально для нашего Отечества. Непобедимый властитель всей Европы оказался побежденным в России, и Бородино играло важную роль в этом. В ходе этой судьбоносной битвы всё Отечество показало силу своего духа. Участники данного сражения в подробностях описали ход событий в своих мемуарах. Именно благодаря данным мемуарам можно изучить данное событие с различных точек зрения на происходящее. Однако мнения сводятся к тому, что каждый солдат и мирный человек проникся любовью к своей стране в тяжёлые минуты. Патриотизм был в этой войне истинным явлением, которого ранее ещё не было, но он будет в грядущих потрясениях для России.

Список использованных источников

1. Бенкендорф А. Х. Записки [Электронный ресурс] // Военная литература. Мемуары. А. Х. Бенкендорф URL: http://militera.lib.ru/memo/russian/benkendorf_ah/01.html
2. Вяземский П. А. Воспоминания о 1812 году [Электронный ресурс] // Lib.ru/Классика. П. А. Вяземский URL: http://az.lib.ru/w/wjazemskij_p_a/text_0920.shtml
3. Глинка Ф. Н. Очерки Бородинского сражения (Воспоминания о 1812 году) [Электронный ресурс] // Военная литература. Мемуары. Ф. Н. Глинка URL: http://militera.lib.ru/memo/russian/glinka_fn/index.html
4. Дурова Н. А. Кавалерист-девица. Происшествие в России. [Электронный ресурс] // Военная литература. Мемуары. Н. А. Дурова URL: <http://militera.lib.ru/memo/russian/durova1/index.html>

ӘОЖ 94 (574)

ЖҰМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ - ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНЫҢ ҚАМҚОРШЫСЫ

Кургасбекова Рыстай Буркитбаевна

Korgasbekova@inbox.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – З. Кабульдинов

Бұл есімді мектеп қабырғасынан естіп өскеніммен, ең алғаш жақынырақ танысуым Алматы қаласынан басталған болатын. Аттестатымды қолыма алып, арман жетегінде алып шаһардағы Қазақ қыздар педагогикалық университетіне қабылданған кезім еді. Жалпы саны 12 000-ға жуық қаракөз қыздардың 54 мамандық бойынша білім алып жатқан бірегей білім ордасының бір кездегі Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметұлының тікелей ықпалымен ашылғанын алғаш сол кезде естіп-білген едім. Таңдап алған мамандығым тарих болғандықтан да айтулы тұлғаның бүгінгі ұрпаққа беймәлімдеу ғұмырын зерттеуге деген қызығушылығым да сол кезден бастап оянған болатын. Бір жағы Жұмабай Шаяхметов болмаса ашылмауы да мүмкін бұл университетте білім алып

жүргендіктен, күрделі заманның қайсар қайраткері жайлы зерттеу жүргізу – тарихшы ретіндегі парызымдай сезілді.

Кеңестік кезеңнің қитұрқы саясатының кесірінен бүгінде Жұмабай Шаяхметұлының атына алғыс та айтылып, сонымен бірге сан түрлі даттаулар мен айыптаулардың да жапсырылып жүргені жасырын емес. Бұл заңды да. Тарих қатпарында қалған кешегі күндердің естелігі ешкімді де «судан таза, сүттен ақ» қып көрсетпесі анық. Алайда, сегіз кластық білімімен республиканың бірінші хатшысы дәрежесіне дейін көтерілген Жұмабай Шаяхметұлының қазақ елінің кемел келешегі үшін атқарған еңбектерін жоққа шығаруға болмайды. Тіпті, тарихи әділ бағасын беріп, ел үшін атқарған еңбектерін халық жадына сіңіре түсуіміз қажет. Солардың бірі әрі бірегейі – ұлтын сүйген ұлы жүрек иесінің қазақ жастарын білімге жетелеген еңбегі екені даусыз.

Қазақ халқының Қаныш Сәтпаев, Қасым Қайсенов секілді біртуар азаматтарына ағалық қамқорлығын танытып, қаншама жасқа бағыт беріп, бағын ашқан Жұмабай Шаяхметовтың сол кездегі қазақ қыздарына да көрсеткен жақсылықтары да ұшан-теңіз. Партия басшысы болып тұрған кезінде қазақ әйелдерінің қоғамдық өмірге белсене араласып, түрлі деңгейдегі қызметтерге тағайындалуы осы айтқанымызды айғақтай түседі. Мысалы, 1954-жылы республикамыздағы облыстық, қалалық және аудандық совет төрағаларының орынбасары қызметінде 60-қа жуық қаракөз қыздарымыздың жұмыс істеуі Жұмабай Шаяхметовтың тікелей қамқорлығының арқасында жүзеге асқан. Тіпті, ол бірінші хатшы болып тұрған кезінде 162 әйел республика Жоғары Советінің, 14 әйел КСРО Жоғары Советінің депутаты болып сайланған екен. Солардың ішінде есімдері елге кеңінен танылған Қарағанды шахтасының инженері Зәуре Омарова, атақты сауыншы Салиха Оңғарбаева сынды озат жандардың болуы оларға басшылық тарапынан көрсетілген құрмет пен қамқорлық екені сөзсіз.

Қолда бар деректерге сүйенсек, Жұмабай Шаяхметұлы қазақ жастарының биік белестерді бағындырып, білім нәрімен еркін сусындаған мықты маман болып қалыптасуларына көп көмегін тигізген. Сол кездегі Байланыс министрінің орынбасары Гүлжахан Балпанбаева, Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Ақлима Бейсенова, Жамбыл облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары Тұрсынбала Әбдірахманова, Қазақстан ЛКЖО Орталық комитетінің хатшысы Нұрқан Ахметовалар - Жұмабай Шаяхметовтың тәлімін алып, тәрбиесін көрген жандар. Шаяхметовтың басшылық қызметі тұсында саяси аренаға көтерілген Мақпұза Нұрымбаева Қазақ ССР Халық Комиссары төрағасының орынбасары қызметіне дейін жоғарылаған. Сондай-ақ, Мариям Бейсенова есімді қазақ әйелі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бөлім меңгерушісі болып жұмыс жасаған. 1942-жылы Мәскеудегі Дәрігерлік институтта оқып жүрген қазақ қызы Қиуаз Доспанова өз еркімен сұранып майданға аттанады. Қазақтың қайсар қызы атақты ұшқыш Марина Раскованың әуе полкінде соғыса жүріп, Кавказда, Қырымда, Украинада жауға қарсы 300-ден астам шабуыл жасап, ересен ерлік көрсетеді. Сол үшін «Қызыл Жұлдыз», I дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған Қиуаз Доспанова соғыс біткен соң елге қайтып, комсомол, партия ұйымдарында қызмет істеп, қоғамдық жұмыстарға белсене қатынасты. Жұмабай Шаяхметов оны Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына ұсынған. Сонымен бірге, ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі болып сайланады. Міне, осы мысалдардың бәрі Жұмабай Шаяхметовтың қазақ әйелдерінің қамқоршысы болғанын айқын көрсетеді [1, 52-53 бб].

Бұдан бөлек, Жұмабай Шаяхметұлының сол кездегі қазақ қыздарына көрсеткен теңдессіз қамқорлығы – қазіргі ТМД көлемінде баламасы жоқ Қазақ қыздар педагогикалық институтының ашылуы болды. Қаһарлы Сталинге қазақ қыздарының басындағы мүшкіл жайтты жасқанбай жеткізіп, білім алуына қажетті жағдай жасау туралы ұсынысын өткізе білген Жұмабай Шаяхметовтың бұл әрекетін ерен еңбегі, тіпті, ерлігі десе де болғандай.

1944-жылдың сәуір айында СОКП Орталық Комитеті бюросында қабылдаған «Қазақ жастарынан жоғары дәрежелі педагог-мамандар дайындау» туралы қаулысы негізінде ҚазКСР Халық Комиссарлар кеңесінің №457 қаулысымен Алматы қаласында ашылған бұл білім ордасын осы уақытқа дейін 60 000-ға жуық түлек бітіріп, күні бүгінге дейін еліміздің білім саласына өлшеусіз үлес қосып келеді.

Қазақ жастарының білім-ғылымды игермейінше, игілікті болашақ болмайтынын жақсы түсінген Жұмабай Шаяхметов билік құрған жылдары республика көлемінде бірнеше оқу ордаларының ашылғаны мәлім. Дәл осы жылы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтында шет тілдер және физкультура факультеттерінің ашылған болатын. Сондай-ақ, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы мен Шымкент қаласындағы Химия технологиялық институтының ашылуы да білікті басшының білім-ғылымды дамытуға қаншалықты ден қойғанын көрсетеді. [2]

Республика өміріндегі ең елеулі оқиға болған Қазақ қыздар институтының ашылуына Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ілияс Омаров бастаған еліміздің сол кездегі күллі зиялы қауымы, өнер-білім саласындағы қайраткерлері қызу қолдап, ақжолтай тілектерін білдіреді. Қабырғасы жаңа қаланған институт физика-математика, тарих, тіл және әдебиет факультеттерінің әрқайсысына 30-дан студент қабылдауға қауқарлы болды. Бұған қоса, екі жылдық дайындық курсы ашылып, оған 60 талапкер қабылдауға және олардың тамағы, киімі, кітап т.б. керек-жарағын мемлекет тарапынан қаржыландыру туралы шешім шығарылған болатын. Институтқа Гоголь көшесіндегі 119 үйді оқу ғимараты, Лесная көшесіндегі 86 үй жатақхана ретінде пайдалануға берілді. Сондай-ақ, Алматы құрылыс тресіне оқу орнын қажетті құралдармен қамтамасыз ету, ал ҚазКСР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне 300 адамды жиһаз, төсек-орынмен жабдықтау тапсырылады. Мінекей, бұл бұйрықтардың барлығы да сол кездегі Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовтың қазақ халқына жасап кеткен өлшеусіз жақсылығының дәлеліндей.

Ұлы Отан соғысының зардабы титықтатқан сол бір қиыншылық жылдары мемлекет тарапынан Қазақ қыздар институтына айтарлықтай қолдау көрсетіліп, шәкірт қыздардың алаңсыз білім алуларына барлық жағдай жасалды десе де болғандай. Институт студенттерінің тегін жатақхана және тамақпен қамтамасыз етілгенін былай қойғанның өзінде, оларға мемлекет қаржысынан степендия да төленіп тұрған. Сондай-ақ, ерекше назар аударатын жайттардың бірі – институттағы қыздарға тегін кір сабын беріліп тұруы еді. Бүгінде бұл жағдай бәзбіреулерге күлкілі көрінгенімен, сол жылдары кәдімгі кір сабынның «қасқалдақтың қанындай» болғанын біле бермейді. Азық-түліктің өзі карточкамен таратылған таршылық заманда кір сабынды халық қолдан жасауға мәжбүр болған екен. Себебі, кір сабын карточкамен де берілмейтін болған. Бұл сол кездегі қазақ қыздарына жасалған қайырымдылықтың жарқын үлгісі еді!

Тарихи естеліктерге үңілсек, Жұмабай Шаяхметовтың қамқорлығының арқасында биік белестерге жеткен қазақ қыздарының небір тағдырына куә бола түсеміз. Сондай жандардың бірі – Шымкент қаласының тумасы Нұрбекова Гүлжәмила Жұмабекқызы. Ұлы Отан соғысы басталғанда небары 15 жаста болған ол алғырлығы мен зеректігінің арқасында өзі де оқи жүріп, төменгі сыныптың оқушыларына сабақ берген екен. Кейіннен соғыс аяқталып, комсомол істеріне белсене араласқан оны 1947-жылы обком басшылығы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы республикалық партия мектебіне оқуға жолдайды. Сынақ барысында сұрақтарға мүдірмей жауап бергенімен, Гүлжәмиланың жасы толмағандығын желеу еткен комиссия мүшелері оны оқуға қабылдамай қояды. Әділетсіздіктен жаны күйген қазақ қызы арашашы іздеп, партия басшысының алдына барады. Қазақ қыздарына қамқорлығы шексіз Жұмабай Шаяхметұлы оны бірден оқуға қабылдатып, бітіргеннен кейін Қазақ ССР Халық комиссариатының аппаратына қызметке алады. Ал, 1951-жылы оны Орталық комитеттің үгіт-насихат бөлімінің жетекшісі етіп

тағайындайды. Өзіне тапсырылған міндеттерді мүлтіксіз орындай жүріп Гүлжәмила Нұрбекова кейіннен КОКП ОК-нің Жоғарғы партия мектебіне оқуға аттанады. Сол жақта оқи жүріп, күйеуінің қызметіне байланысты Мәскеу қаласында тұрақтап қалған Гүлжәмила өз білімін жетілдіріп, Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасын тәмамдайды. Егер Жұмабай Шаяхметов болмағанда, қиырдағы қазақ қызының Мәскеудегі іргелі оқу ордасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты атағына қол жеткізуі екіталай нәрсе еді. Гүлжәмила Нұрбекова да өз естелігінде кең жүректі қазақ азаматына қаншалықты қарыздар екенін айтып, Жұмабай Шаяхметұлының жасаған жақсылығын ешқашан ұмытпайтынын жеткізген [3, с.26].

Мінекей, қазақ ұлтына деген сүйіспеншілігін сөзімен емес, ісімен дәлелдей білген Жұмабай Шаяхметұлының азаматтық келбеті осындай болған! Қазақ жастарына қамқорлығын аямаған, ағалық ақылын айтып, басшы ретінде биік белестерді бағындыруларына жол ашқан. Білім-ғылыммен сусындауларына септігін тигізіп, күні бүгінге дейін жемісті жұмыс жасап келе жатқан іргелі оқу орындарының ашылуына себепкер болған. Жоғарыда айтып өткеніміздей, осы уақыт ішінде Қыздар педагогикалық университетінің қабырғасында жоғары білім алып, түлеп ұшқан 60 000-ға жуық қаракөз қыздарымыздың қай-қайсы болмасын, Жұмабай Шаяхметұлының сол кездегі еңбегіне қарыздар екені сөзсіз. Мен де сол қазақ қыздарының қастерлі ордасында жоғары білім алған шәкірт ретінде көрнекті тұлғаның ел үшін атқарған ерен еңбектерін тарих қойнауынан тысқа шығарып, халық алдында паш етуді қастерлі парызым деп білемін!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Күрделі заманның қайсар қайраткері. Жұмабай Шаяхметов туралы естеліктер. Астана: «Аударма» баспасы, 2002. -211 б.
2. Кабульдинов З.Е. «Государственный деятель, патриот, интернационалист»
3. https://i-news.kz/news/2012/08/29/6584873-gosudarstvennyi_deyatel_patriot_internac.html
4. Аккозин М. «Вернуть из забвения» Алматы, 2008.- 184 с.

ӘОЖ 37.014.3:377:378(574)

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ РЕФОРМАЛАРЫ

Мейрамбекұлы Ақылбек

a_meyrambek@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің магистранты,

Қызылорда, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - М. Ансатова

Егемен Қазақстан мәдениетінің қалыптасуы тәуелсіздік жылдарында көптеген қиындықтар мен қарама-қайшылықты бастан кешірді. Жоспарлы экономиканы нарықтық қатынастар арнасына көшіру, халыққа білім беру және ғылым мекемелерін материалдық-техникалық, қаржылық қамтамасыз етуде елеулі қиындық туғызды. 1991 жылмен салыстырғанда 1998 жылы республикадағы мектепке дейінгі мекемелер саны 70% -ға дейін, жалпы білім беретін мектептер жүйесі 301 мектепке, интернаттық мекемелер желісі 1042-ге, мектептен тыс мекемелер саны 937-ге қысқарды [1, 69б].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында білім беру саласындағы қиыншылықтарға қарамастан республика мектептерінде білім беру жүйесі қызметін жақсартуда тиісті басты бағыттар анықталып, сол бойынша жұмыстар жүргізілді. Халыққа білім беру «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасына сәйкес және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы